



Бекітемін: 
«Талнын» инклюзивті
оңалту балабақшасы
директор Махутова М.Х.
«» 2024 ж.



2024-2025 оқу жылына арналған музыкатерапия перспективалық жоспары

Музыка маманы: Хабидоллаева А.Б.

Түсінік хат

Перспективалық жоспар психикалық дамуы тежелген 3-6 жастағы балаларға арналған. Перспективалық жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған. Перспективалық жоспар психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық даму сатыларын, жас ерекшеліктерін және диагностиканың нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Музыкатерапияның негізгі мақсаты – баланың эмоционалдық жағдайын жақсарту, ішкі белсенділігін арттыру және қоғамға бейімделуін жеңілдету.

Міндеттері:

Музыкатерапия – музыка мен дыбысты қолдану арқылы баланың психоэмоциялық, танымдық, сөйлеу және қозғалыс дағдыларын дамытуға бағытталған түзету-дамыту әдісі. Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс барысында музыкатерапия олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жан-жақты қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер жүзеге асырылады:

1. Эмоционалдық даму міндеті

Музыка арқылы балалардың жағымды эмоцияларын қалыптастыру, мазасыздықты азайту, ішкі күйзелісті жеңілдету және психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету.

2. Танымдық қабілеттерді дамыту міндеті

Музыкалық дыбыстарды тыңдау, ажырату және қабылдау арқылы зейін, есте сақтау және ойлау процестерін дамыту.

3. Сөйлеу тілін дамыту міндеті

Ән айту, ырғақпен қайталау, дыбыстарды еліктеу арқылы сөйлеу белсенділігін арттыру және тілдік қорды байыту.

4. Қозғалыс дағдыларын дамыту міндеті

Музыкаға сәйкес қимыл-қозғалыс жасау арқылы жалпы және ұсақ моториканы, координацияны және кеңістікте бағдарлануды жетілдіру.

5. Әлеуметтік бейімдеу міндеті

Топтық музыкалық іс-әрекеттер арқылы балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту, бірлесіп әрекет етуге үйрету және өзара қолдауды қалыптастыру.

6. Шығармашылық қабілетті дамыту міндеті

Музыка арқылы еркін қимылдау, импровизация жасау және өз сезімін шығармашылық жолмен білдіруге мүмкіндік беру. Қорытындылай келе, музыкатерапия ерекше білімді қажет ететін балалардың дамуына кешенді әсер етіп, олардың жеке әлеуетін ашуға және өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Ай атауы	Апта	Арнайы ұйымдастырылған түзетуші бағыттары	Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	1- апта	Музыка әлеміне саяхат	Музыкаға қызығушылығын арттыру, музыканы тыңдау және қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
	2- апта	Музыкалық аспаптар	Музыкалық аспаптарды танып, олардың дыбысын ажыратуға үйрету.
	3 апта	Тез және баяу	Музыканың жылдам және баяу қарқынын ажыратуға, қимылды соған сәйкестендіруге үйрету.
	4 апта	Көңіл күйді тап	Музыка арқылы эмоцияларды ажыратып, көңіл күйді анықтауға үйрету.
	5 апта	Көңіл күйді тап	Музыкалық шығармалардың көңіл күйін ажырату дағдыларын бекіту.
Қазан	1 апта	Күз сыйы	Күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейтіп, музыка арқылы табиғатты қабылдауын дамыту.
	2 апта	Көкөністер мен жемістер	Музыкалық ойындар арқылы сөздік қорын, танымдық белсенділігін дамыту.
	3 апта	Үй жануарлары	Үй жануарларының қимылын, дыбысын музыка арқылы бейнелеуге үйрету.
	4 апта	Менің отбасым	Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, ән арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
	5 апта	Менің отбасым	Отбасы туралы білімдерін бекітіп, музыкалық тапсырмалар арқылы есте сақтауын дамыту.
Қараша	1 апта	Музыка және қозғалыс	Музыка ырғағына сәйкес қимыл-қозғалысты үйлестіруді дамыту.
	2 апта	Құм және музыка	Сенсорлық қабылдауды, ұсақ моториканы және музыкалық сезімталдықты дамыту.
	3 апта	Эмоциялар әлемі	Эмоцияларды танып, музыка арқылы оларды білдіруге үйрету.
	4 апта	Жел соқты	Табиғат құбылыстарын музыка және қимыл арқылы бейнелеуге үйрету.
Желтоқсан	1 апта	Қыс келді	Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейтіп, музыка арқылы табиғатты қабылдауын дамыту.
	2 апта	Қыс келді	Қыс тақырыбы бойынша алған білімдерін бекіту.

	3 апта	Аққала биі	Қарапайым би қимылдарын орындауға және қозғалыс үйлесімділігін дамытуға үйрету.
	4 апта	Жаңа жыл әндері	Ән айтуға қызығушылығын арттырып, музыкалық есте сақтауын дамыту.
	5 апта	Жаңа жылдық мереке	Мерекелік мәдениетті қалыптастыру, ұжымдық әрекетке қатыстыру.
Қаңтар	1 апта	Қыс қызығы	Музыкалық ойындар арқылы қимыл белсенділігін арттыру.
	2 апта	Кеңістікте бағдарлау	Музыка арқылы кеңістікте дұрыс бағдарлану дағдыларын қалыптастыру.
	3 апта	Орман жануарлары	Жануарлардың қимылдарын музыка арқылы бейнелеуге үйрету.
	4 апта	Достық әлемі	Құрдастарымен ынтымақтастықта әрекет етуге және жағымды қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.
	5 апта	Қыс қызығы	Қысқы ойындарға байланысты қимыл-қозғалыс дағдыларын бекіту.
Ақпан	1 апта	Достық әлемі	Бірлескен музыкалық әрекет арқылы қарым-қатынас мәдениетін дамыту.
	2 апта	Құстар әлемі	Құстардың дауысын тыңдап, қимылдарын музыкамен бейнелеуге үйрету.
	3 апта	Релаксация әлемі	Баяу музыка арқылы тыныс алуды реттеу, эмоционалдық жай-күйін тұрақтандыру.
	4 апта	Көліктер әлемі	Көлік түрлерін музыка және қимыл арқылы ажыратуға үйрету.
Наурыз	1 апта	Кеңістікте қозғалу	Музыканың сүйемелдеуімен кеңістікте еркін және қауіпсіз қозғалу дағдыларын қалыптастыру.
	2 апта	Анашым асыл-жан	Анаға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.
	3 апта	Анашым асыл-жан (қайталау)	Ана туралы әндерді орындау арқылы эмоциялық әсерін күшейту.
	4 апта	Көктем келді	Көктем мезгілінің ерекшеліктерін музыка арқылы қабылдауға үйрету.
Сәуір	1 апта	Көктемгі табиғат	Табиғаттағы өзгерістерді музыка мен қимыл арқылы бейнелеу.
	2 апта	Ғарыш әлемі	Қиялын, танымдық қызығушылығын және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

	3 апта	Жәндіктер әлемі	Жәндіктердің қозғалысын музыка арқылы бейнелеуге үйрету.
	4 апта	Достықпен бірлік	Ұжымда өзара сыйластық пен бірлескен әрекет дағдыларын қалыптастыру.
Мамыр	1 апта	Достықпен бірлік	Бірлескен музыкалық ойындар арқылы әлеуметтік дағдыларын бекіту.
	2 апта	«Ырғақты қайталау»	Музыкалық ырғақты тыңдап, дәл қайталау арқылы есту зейінін және ырғақ сезімін дамыту.
	3 апта	«Қимыл және би»	Музыка ырғағына сәйкес қимыл-қозғалыс пен қарапайым би элементтерін орындауға үйрету.
	4 апта	«Эмоцияны білдіру»	Музыка арқылы қуаныш, мұң, таңдану сияқты эмоцияларды мимика және қимылмен жеткізуге үйрету.